

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жұмыс істеу мәселелері бойынша өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2001 жылғы 3 мамыр N 182-II

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

1. "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы Z952155_ Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 23-құжат; N 12, 88-құжат, N 15-16, 100-құжат, N 23, 141-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 184-құжат; N 11-12, 262-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 13-14, 205-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 11-12, 176-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 жылғы 13 наурызда "Егемен Қазақстан" және 2001 жылғы 12 наурызда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне банк қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2001 жылғы 2 наурыздағы Z010162_ Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 8-бап мынадай мазмұндағы у-3) тармақшамен толықтырылсын:

"у-3) Қазақстанның Ұлттық Банкі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасында жасалатын және ресми басылымдарда жарияланатын сенімгерлікпен басқару туралы шарттың негізінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлікпен басқаруды жүзеге асырады;"

2) 15-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы у), ф) және х) тармақшаларымен толықтырылсын:

"у) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру ережесін бекіту, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметіне табыс етілетін Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлікпен басқарудың нәтижелері туралы есепті бекіту;

ф) Қазақстан Республикасының Парламентіне Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлікпен басқару нәтижелері туралы ақпарат табыс ету;

х) өкілеттігіне Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлікпен басқару (Өкілетті өкіл) жөніндегі шешімдерді шұғыл түрде қабылдау кіретін лауазымды тұлғаны (Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасарынан төмен емес деңгейде) айқындау.";

3) 70-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"70-1-бап. Қазақстан Ұлттық Банкі көрсететін қызметтердің өтемділігі

Қазақстан Ұлттық Банкі банк операцияларын және басқа да қызметтерді ақылы негізде атқаруға құқылы. Қазақстан Ұлттық Банкі көрсететін қызметтері үшін ақының түрлері мен мөлшерлерін өз бетінше белгілейді.

Қазақстан Ұлттық Банкі, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі қызметтерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қаржы министрлігіне көрсетілетін банктік және өзге де қызметтер үшін ақы алмайды."

2. "Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Z990357_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 7, 225-құжат; N 20, 731-құжат; N 21, 783-құжат; N 23, 916, 928, 930-құжаттар; 2000 ж., N 21, 395-құжат; 2001 жылғы 20 қаңтарда "Егемен Қазақстан" және 2001 жылғы 23 қаңтарда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2001 жылғы 15 қаңтардағы Z010140_ Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 1-бап мынадай мазмұндағы жиырма жетінші және қырық алтыншы абзацтармен толықтырылсын:

"шикізат секторының ұйымдары - тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін заңды тұлғалар, олардан бюджетке төленетін төлемдердің бір бөлігі осы Заңда айқындалатын тәртіппен Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына аударылады;"

"Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан алынатын нысаналы трансферттер - Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын мақсаттарға Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан тиісті бюджетке түсетін ақша түсімдері, олардың көлемдері тиісті бюджеттерде бекітіледі;"

2) 4-баптың 4-тармағы "арқылы қол жеткізіледі." деген сөздердің алдынан ", сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының тұрақтандырушылық функциясын іске асыру" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 7-бапта:

1) тармақшаның б) тармақшасы мынадай мазмұндағы жиырма бесінші абзацпен толықтырылсын:

"республикалық бюджетке шикізат секторының ұйымдарынан түсетін түсімдердің бекітілген және іс жүзіндегі көлемдерінің арасындағы теріс айырма ретінде айқындалатын республикалық бюджет шығындарының өтемі түрінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан түсетін түсімдер;"

2) тармақша мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан алынатын нысаналы трансферттер;"

4) мынадай мазмұндағы 7-1-баппен толықтырылсын:

"7-1-бап. Республикалық бюджетке шикізат секторының ұйымдарынан

түсетін түсімдердің көлемін анықтау тәртібі

1. Республикалық бюджетке шикізат секторының ұйымдарынан түсетін түсімдердің жылдық көлемі облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша тиісті қаржы жылына арналған Республикалық бюджет туралы заңмен бекітіледі. Аталған түсімдердің тоқсандық көлемдерін облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша республикалық бюджетте белгіленген жылдық сомалар шегінде Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

2. Шикізат секторының ұйымдарынан түсетін, олардың түсімдерінің бекітілген тоқсандық көлемдерінен асатын бөлігі осы Заңның 24-бабына сәйкес республикалық бюджеттен Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына аударылады.";

5) 9-баптың 1-тармағының соңғы абзацындағы "қаржыландыруға жұмсалады" деген сөздер алып тасталып, мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"республикалық бюджеттен Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына берілетін ресми трансферттерді;

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан нысаналы трансферттердің есебінен іске асырылатын өзге де бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыруға жұмсалады.";

6) 11-баптың 1-тармағында:

1) тармақшаның б) тармақшасы мынадай мазмұндағы жиырма үшінші абзацпен толықтырылсын:

"жергілікті бюджеттерге шикізат секторының ұйымдарынан түсетін түсімдердің бекітілген және іс жүзіндегі көлемдерінің арасындағы теріс айырма ретінде айқындалатын жергілікті бюджеттер шығындарының өтемі түрінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан түсетін түсімдер;"

2) тармақша мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан алынған нысаналы трансферттер";

7) мынадай мазмұндағы 11-1-баппен толықтырылсын:

"11-1-бап. Жергілікті бюджеттерге шикізат секторының ұйымдарынан түсетін түсімдердің көлемін анықтау тәртібі

1. Жергілікті бюджеттерге шикізат секторының ұйымдарынан түсетін түсімдердің жылдық көлемдері облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша тиісті қаржы жылына арналған Республикалық бюджет туралы заңмен бекітіледі. Аталған түсімдердің тоқсандық көлемдерін облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша Республикалық бюджет туралы заңда белгіленген жылдық сомалар шегінде Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

2. Шикізат секторының ұйымдарынан түсетін, олардың түсімдерінің бекітілген тоқсандық көлемдерінен асатын бөлігі осы Заңның 25-бабына сәйкес жергілікті бюджеттерден Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына аударылады.";

8) 12-баптың 1-тармағының соңғы абзацындағы "қаржыландыруға жұмсалады." деген сөздер алып тасталып, мынадай мазмұндағы жиырма бірінші абзацпен

толықтырылсын:

"жергілікті бюджеттерден Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына берілетін ресми трансферттерді;"

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан нысаналы трансферттердің есебінен іске асырылатын өзге де бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыруға жұмсалады.";

9) 15-бап мынадай мазмұндағы үшінші және оныншы абзацтармен толықтырылсын:

"облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша республикалық және жергілікті бюджеттерге шикізат секторының ұйымдарынан түсетін түсімдердің көлемдерін;"

"облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша республикалық және жергілікті бюджеттерден Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына берілетін ресми трансферттердің сомасын;"

10) 18-бапта:

4-тармақ мынадай мазмұндағы жетінші абзацпен толықтырылсын:

"тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік үшін тиісті қаржы жылына арналған Республикалық бюджет туралы заңда белгіленген сомада Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына жергілікті бюджеттен берілетін ресми трансферттердің сомасы;"

7-1-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Жергілікті бюджеттерге шикізат секторының ұйымдарынан түсетін түсімдердің көлемін тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік үшін тиісті қаржы жылына арналған Республикалық бюджет туралы заңда белгіленген көлемде жергілікті өкілді органдар бекітеді.";

11) 24-баптың 1-1-тармағы мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:

"Республикалық бюджетке шикізат секторының ұйымдарынан түсетін, олардың түсімдерінің бекітілген тоқсандық көлемінен асатын бөлігін Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына аударуды Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен республикалық бюджеттен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі қазынашылығының аумақтық органдары жүргізеді. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына аударылған сома республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есепте көрсетіледі.";

12) 25-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Жергілікті бюджетке шикізат секторының ұйымдарынан түсетін, олардың түсімдерінің бекітілген тоқсандық көлемінен асатын бөлігін Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына аударуды Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен тиісті жергілікті бюджеттерден Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі қазынашылығының аумақтық органдары жүргізеді. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына аударылған сома тиісті жергілікті бюджеттің

атқарылуы туралы есепте көрсетіледі.";

13) 29-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігі "табыс етеді" деген сөздердің алдынан "Қазақстан Республикасының Парламентіне Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру және пайдалану жөніндегі қызмет туралы ақпаратты енгізе отырып" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"Жергілікті бюджеттердің (облыстар, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің, облыстық бюджеттердің, қалалар, аудандар бюджеттерінің) атқарылуы туралы айлық және жылдық есептер тиісті жергілікті бюджеттерге шикізат секторының ұйымдарынан түсетін түсімдердің бөлігін Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына аудару көлемдері туралы ақпаратты қамтиды.".

2-бап. Осы Заң 2001 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Багарова Ж.А.